

Ауыр заттарды қолмен көтергенде және тасығанда әйелдер үшін жол берілер салмақ шегінің жаңа нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 20 қаңтар N 89. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Кәсіпорындарда, мекемелерде, кооперативтерде, шаруа қожалықтарында және меншік пен шаруашылық жүргізудің кез келген нысандарындағы басқа да ұйымдарда жұмыс істейтін әйелдер үшін салауаттылықты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ауыр заттарды қолмен көтергенде және тасығанда әйелдер үшін жол берілер салмақ шегінің нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Аталған нормалар оларды бекіткен күннен бастап жобалау, конструкторлық және технологиялық ұйымдардың жобалау құжаттарын әзірлеу кезінде қолдануы үшін міндеті болып табылады.

Бұл нормаларды енгізуге бақылау жасау Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне жүктелсін.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, кооперативтердің, шаруа қожалықтарының және меншік пен шаруашылық жүргізудің әр түрлі нысандарындағы басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерінің басшылары ауыр жүктерді көтеру мен тасуда әйелдер қолмен атқаратын жұмыстарды 1994-1998 жылдар ішінде механикаландыру жөніндегі шараларды қолданып, іске асырсын, мұнда салмақ көтерудің жол берілер шегінің жаңа нормалары кезең-кезең бойынша енгізілуі ескерілсін. Салалық тарифтік келісімдер мен ұжымдық шарттарда жаңа нормалардың енгізілуіне байланысты әйелдерді жұмыстан босатуды болдырмайтын аталған шараларды орындау жөніндегі тараптардың міндеттемелер алуы көзделсін.

2. Қазақстан Республикасының Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен бірге ауыр заттарды қолмен көтергенде және тасығанда әйелдер үшін жол берілер салмақ шегінің жаңа нормаларын есепке ала отырып, қолданылып жүрген стандарттар мен техникалық шарттарды, соның ішінде тауарларды буып-қаттауға арналған ыдыс түрлері бойынша да, қайта қарасын

және қажетінше оларға тиісті өзгерістер енгізсін<*>.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРҰ-нің 1996.08.20 N 1031 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының өндіріс ерекшеліктерін ескере отырып, ауыр заттарды қолмен көтерген және тасыған кездегі салмақтың әйелдер денсаулығына әсерін зерделеу жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырсын және тиісті ұсыныстар әзірлесін. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі осы мақсатқа қаражат бөлінуін көздесін.

4. "СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің "Ауыр заттарды қолмен көтергенде және тасығанда әйелдер үшін жол берілер салмақ шегінің жаңа нормаларын енгізу туралы" 1981 жылғы 5 желтоқсандағы N 1149 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1982 жылғы 8 қаңтардағы N 11 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., N 4, 18-бап) күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 20 қаңтардағы
N 89 қаулысына

Қосымша

Ауыр заттарды қолмен көтергенде және тасығанда әйелдер
үшін жол берілер салмақ шегінің
Н О Р М А Л А Р Ы

Жұмыс сипаты				і Жүктің жол берілер і салмағының шегі		
Ауыр отырып дейін)	заттарды көтеру	басқа және 10 кг	жұмыспен тасу (сағатына 2	кезектестіре ретке		
Жұмыс және тасу	ауысымы	бойына 7 кг	ауыр заттарды	көтеру		
Жұмыс ырғағының шамасы мынадан артпауға тиіс:	ауысымының	әрбір	сағаты	бойына	жұмыс	
	жұмыс орнының үстіңгі жағынан					1750 кгм
	еденнен	875 кгм				

- Ескертулер: 1. Көтерілетін және тасылатын жүктің салмағына ыдыс пен
ораудың да салмағы қосылады.
2. Жүкті арбамен немесе контейнермен тасыған кезде күшке
түсетін жүк 10 кг-нан артпауға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК